## 2010 жылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

### *Күшін жойған*

Алматы облысы Талдықорған қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 15 ақпандағы N 3-51 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Талдықорған қаласының Әділет басқармасында 2010 жылы 15 сәуірде N 2-1-114 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Талдықорған қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 06 қаңтардағы N 1-14 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Талдықорған қаласы әкімдігінің 2011.01.06 N 1-14 Қаулысымен

Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңы 7-бабының 5)-тармақшасына, 20-бабына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңы 31-бабы 1-тармағының 13-тармақшасына Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" N 836 қаулысына сәйкес қала әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Талдықорған қаласының қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздарға , сондай-ақ толық емес жұмыс уақыты режимінде жұмыспен қамтылған қызметкерлер үшін 2010 жылға арналған қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көздері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Толық емес жұмыс күні жағдайында және икемді график бойынша, уақытша жұмыс орындарын ашу жолымен қоғамдық жұмыстар, қажетті ұсыныс пен сұраныска сай ұйымдастырылсын, бюджет қаражаты және жұмыс берушілердің өтінімі бойынша солардың қаражаты есебінен қаржыландырылсын.

3. "Талдықорған қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Ш.Б.Мұхаметжан):

бекітілген тізбелерге сәйкес жұмыс берушімен қоғамдық жұмыстарды орындауға арналған үлгілік шарт жасасын, жұмыс беруші мен қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздар, толық емес жұмыс уақыты режимінде жұмыспен қамтылған қызметкерлер арасында еңбек туралы заңнамаға сәйкес еңбек шарты жасалып, орындалуын қамтамасыз етсін;

нақты атқарылған жұмыстарға ақы төлеу жергілікті бюджеттен еңбек шарты

бойынша Қазақстан Республикасында белгіленген ең төменгі еңбек ақы мөлшерінен кем емес мөлшерде атқарылған жұмыстың актілері және жұмыс уақытының есебі көрсетілген табель бойынша жүргізілсін.

4. Талдықорған қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 24 сәуірдегі "2009 жылы ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" нөмірі 10-258 қаулысы ( Талдықорған қаласының Әділет басқармасында Нормативтік құқықтық кесімдердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2009 жылдың 06 мамырда тіркелген нөмірі 2-1-99, "Талдықорған" газетінің 2009 жылдың 08 мамырдағы 19-нөмірінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары М.Қ. Көлбаевқа жүктелсін.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қала әкімі* *С. Жылқайдаров*

Талдықорған қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 15 ақпандағы "2010 жылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" N 3-51 қаулысына

Ескерту. 1 қосымша жаңа редакцияда - Алматы облысы Талдықорған қалалық мәслихатының 2010.03.15 N 5-147 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Шешімімен.

## Талдықорған қаласының жұмыссыз азаматтарға, сондай-ақ толық емес жұмыс уақыты режимінде жұмыспен қамтылған қызметкерлер үшін 2010 жылғы қоғамдық жұмыстарға қатысатын ұйымдардың тізбелері, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері мен оларды қаржыландыру көздері

| N | Ұйымдардың тізбелері | Қоғамдық жұмыстар түрлері | Көлемі мен нақты жағдайлары | Қоғамдық жұмыстың ұзақтығы | Қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері | Қаржыландыру көздері |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Алматы облыстық басқармасы "Қазақ соқырлар қоғамы" қоғамдық бірлестігінің филиалы | Көзі көрмейтін мүгедектерге құжаттардың көшірмесін түсіруге және басып шығаруға көмек көрсету. | 4500 дана | 6 сағат | төменгі еңбекақы | Жергілікті бюджет жұмыс берушілердің қаражаты есебінен |
| | | Ұйымның аймағын жинауға көмек көрсету. | 100 шаршы метр | | | |
| 2 | Алматы облыстық мүгедектер қоғамы | Мүгедек адамдарға медициналық мекемелеріне апаруға көмек көрсету. | 15 рет | 7 сағат | төменгі еңбекақы | жергілікті бюджет жұмыс берушілердің қаражаты есебінен |
| 3 | "Алматы облысының Азаматтық Альянс" ассоциациясы формасындағы заңды тұлғалар бірлестігі | Ұйымның аймағын жинауға көмек көрсету. | 60 шаршы метр | 7 сағат | төменгі еңбекақы | жергілікті бюджет жұмыс берушілердің қаражаты есебінен |
| 4 | "ВИДЕРГЕБУРТ" Талдықорған немістер қоғамдық бірлестігі | Мәдени көпшілік шараларды өткізуге көмек көрсету. | 20 рет | 7 сағат | төменгі еңбекақы | жергілікті бюджет жұмыс берушілердің қаражаты есебінен |
| 5 | "Единство" Талдықорған қалалық мүгедектер қоғамы" қоғамдық бірлестігі | Мүгедек адамдарды медициналық мекемелеріне апаруға көмек көрсету. | 20 рет | 6 сағат | төменгі еңбекақы | жергілікті бюджет жұмыс берушілердің қаражаты есебінен |
| | | Ұйымның аймағын жинауға көмек көрсету | 50 шаршы метр | | | |
| 6 | "Еркін селолық округінің әкім | Күл-қоқыстан тазарту, шөптерді шабу, қоршауларды сырлау жұмыстарын ұйымдастыруға, арық жүйелерін | 2000 шаршы метр | 6 сағат | төменгі еңбекақы | жергілікті бюджет жұмыс беруші- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | аппараты" мемлекеттік мекемесі | тереңдету, тазалауға көмек көрсету. | | | | лердің қаражаты есебінен |
| 7 | "Жасөспірім" дағдарыс орталығы қоғамдық бірлестігі | Қоғамдық шаралар ұйымдастыруға және өткізуге көмек көрсету. | 20 рет | 7 сағат | төменгі айлық жалақы | жергілікті бюджет жұмыс беруші-лердің қаражаты есебінен |
| 8 | "Жас Ұрпақ" жастар қоғамдық бірлестігі | Балалар мен жасөспірімдердің бос уақыттарын ұйымдастыру үшін қоғамдық шаралар өткізуге көмек көрсету. | 15 рет | 7 сағат | төменгі еңбекақы | жергілікті бюджет жұмыс беруші-лердің қаражаты есебінен |
| 9 | "Көркейту" қалалық мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны | Күл-қоқыстан тазарту, шөптерді шабу, қоршауларды сырлау жұмыстарын ұйымдастыруға, арық жүйелерін тереңдетуге, тазалауға көмек көрсету. | 2500 шаршы метр айына | 6 сағат | төменгі еңбекақы | жергілікті бюджет жұмыс беруші-лердің қаражаты есебінен |
| 10 | "Қазақстан Республикасы Қызыл Ай қоғамы" қоғамдық бірлес-тігінің Алматы облыстық комитеті филиалы | Қайырымдылық іс-шараларын өткізуге көмек көрсету. | 20 рет | 7 сағат | төменгі еңбекақы | жергілікті бюджет жұмыс беруші-лердің қаражаты есебінен |
| | | Ұйымның аймағын жинауға көмек көрсету. | 60 шаршы метр | | | |
| 11 | Мемлекеттік зейнетақы төлеу жөніндегі орталығының Алматы облыстық филиалының Талдықорған қалалық бөлімшесі | Ұйымның аймағын жинауға көмек көрсету. | 100 шаршы метр | 7 сағат | төменгі еңбекақы | жергілікті бюджет жұмыс беруші-лердің қаражаты есебінен |
| | "Мүгедек және ақыл-есі, дене | Мүгедек адамдарды медициналық | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 12 | бітімінің кемістігі бар балаларға қамқорлық көрсетуші ата-аналардың "Алпамыс" ассоциациясы" қоғамдық бірлестігі | мекемелеріне апаруға көмек көрсету. | 420 рет | 7 сағат | төменгі еңбекақы | жергілікті бюджет жұмыс беруші-лердің қаражаты есебінен |
| | | Ұйымның аймағын жинауға көмек көрсету | 60 шаршы метр | | | |
| 13 | "Мүшелтой" балалар мен жасөспірімдер клубы" қоғамдық бірлестігі | Балалар мен жасөспірімдердің бос уақыттарын ұйымдастыруға көмек көрсету. Үйірме жұмыстарын жүргізуге көмек көрсету. | 3 секция | 7 сағат | төменгі еңбекақы | жергілікті бюджет жұмыс беруші-лердің қаражаты есебінен |
| | | Ұйымның аймағын жинауға көмек көрсету. | 30 шаршы метр | | | |
| 14 | "Мұрагер" ардагерлер мен жастардың істері жөніндегі қоғамдық бірлестігі | Ардагерлерді медициналық мекемелеріне апаруға көмек көрсету. | 20 рет | 6 сағат | төменгі еңбекақы | жергілікті бюджет жұмыс беруші-лердің қаражаты есебінен |
| | | Ұйымның аймағын жинауға көмек көрсету. | 30 шаршы метр | | | |
| 15 | "Облыстық қытай "Күміс тамыр" этно-мәдени орталығы" қоғамдық бірлестігі | Үйірме жұмыстарын ұйымдастыру мақсатында жасөспірімдерді капроннан гүл композицияларын жасауға және дайындауға үйрету, | 3 секция | 7 сағат | төменгі еңбекақы | жергілікті бюджет жұмыс беруші-лердің қаражаты есебінен |
| | | бір реттік жұмыс өткізуге көмек көрсету (мерейтой мен мерекелік күндерге дайындық). | 10 рет | | | |
| | | Ұйымның аймағын жинауға көмек көрсету. | 60 шаршы метр | | | |
| | "Өтенай селолық округінің | Күл-қоқыстан тазарту, шөптерді шабу, қоршауларды сырлау жұмыстарын | | | | жергілікті бюджет жұмыс |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 16 | әкім аппараты" мемлекеттік мекемесі | ұйымдастыруға, арық жүйелерін тереңдетуге, тазалауға көмек көрсету. | 2500 шаршы метр | 6 сағат | төменгі еңбекақы | беруші-лердің қаражаты есебінен |
| 17 | "Полония" Талдықорған аймақтық поляк мәдени-ағарту қоғамы" қоғамдық бірлестігі | Үйірме жұмыстарын ұйымдастыру мақсатында жасөспірімдерді себеттал тоқуға үйретуге көмек көрсету, мәдени-көпшілік шараларды өткізуге көмек көрсету. | 1 үйірме 20 рет | 7 сағат | төменгі еңбекақы | жергілікті бюджет жұмыс беруші-лердің қаражаты есебінен |
| 18 | "Талдықорған аймақтық әйелдерді қолдау орталығы" қоғамдық бірлестігі | Құжаттарды басып шығаруға, көшірмесін түсіруге көмек көрсету. | 120 бет | 7 сағат | төменгі еңбекақы | жергілікті бюджет жұмыс беруші-лердің қаражаты есебінен |
| | | Ұйымның аймағын жинауға көмек көрсету. | 60 шаршы метр | | | |
| 19 | "Талдықорған аймақтық еңбекке орналастыруға жәрдем көрсету қоры" қоғамдық қоры | Жұмыс іздеу клубы. | 35 рет | 7 сағат | төменгі еңбекақы | жергілікті бюджет жұмыс беруші-лердің қаражаты есебінен |
| | | Мекен-жайы бойынша оқырмандарды ескертуге көмек көрсету. | 200 бет | | | |
| | | Оралмандар отбасына әр-түрлі құжаттардың көшірмесін түсіруге көмек көрсету. | 280 шаршы метр | | | |
| | | Ағымдағы жөндеу жұмыстарына көмектесу (әктеу, сырлау). | 280 шаршы метр | | | |
| | | Құжаттарды басып шығаруға, көшірмесін түсіруге көмек көрсету. | 130 бет | | | |
| | | Ұйымның аймағын тазалауға көмек көрсету. | 60 шаршы метр | | | |
| 20 | "Талдықорған қалалық қорғаныс істері жөніндегі басқармасы" | Ұйымның аймағын тазалауға көмек көрсету. | 60 шаршы метр | 7 сағат | төменгі еңбекақы | жергілікті бюджет жұмыс беруші- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | мемлекеттік мекемесі | | | | | лердің қаражаты есебінен |
| 21 | "Хан дойбысын дамыту ұйымы" қоғамдық бірлестігі | Мәдени көпшілік шараларды, спорттық жарыстарды өткізуге көмек көрсету. | 20 рет | 7 сағат | төменгі еңбекақы | жергілікті бюджет жұмыс беруші-лердің қаражаты есебінен |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК